

ФортеДетрим

Ішке қабылдайтын капсулалар

SANTO



Әлемге жайдары көңілмен қарау!

Д дәрумені тапшылығының орнын толықтырады

ФортеДетрим (2000 ХБ, 4000 ХБ)

ХПА Колекальциферол



Қолданылуы

D дәрумені тапшылығы мен жеткіліксіздігін және ересектерде сіңуінің бұзылуынсыз D дәрумені тапшылығынан туындаған жай-күйлерді емдеу және профилактикасы.



Қолдану жөніндегі нұсқаулар

Сіңуінің бұзылуынсыз ересектерде D дәрумені тапшылығын емдеу:

• **(25(ОН)D деңгейі ≤ 20 нг/мл)** – 8 апта бойы тәулігіне 8000 ХБ (4 капсула 2000 ХБ немесе 2 капсула 4000 ХБ).

Сіңуінің бұзылуынсыз ересектерде D дәрумені жеткіліксіздігін емдеу:

• **(25(ОН)D деңгейі – 20-29 нг/мл)** – 4 апта бойы тәулігіне 8000 ХБ (4 капсула 2000 ХБ немесе 2 капсула 4000 ХБ).

Сіңуінің бұзылуынсыз ересектерде D₃ дәруменінің қалыпты деңгейін:

• **(25(ОН)D ≥ 30 нг/мл деңгейі)** демеу – тәулігіне 2000 ХБ (1 капсула).

• D дәрумені тапшылығы мен жеткіліксіздігін және артық дене салмағы немесе семіздік, мальабсорбция синдромы бар ересектерде D дәрумені тапшылығынан туындаған жағдайларды емдеу – 4-8 апта бойы тәулігіне 6000-10000 ХБ (3-5 капсула 2000 ХБ).

Енгізу әдісі және жолы

Капсулаларды ішке, тұтастай жұтып және сумен ішіп, негізгі ас ішу кезінде қабылдаған жөн.



Қолдануға болмайтын жағдайлар

– Әсер етуші затқа немесе қосымша заттардың кез келгеніне жоғары сезімталдық.

– Гиперкальциемия және (немесе) гиперкальциурия.

– Бүйрек тас ауруы және (немесе) нефрокальциноз.

– D гипервитаминозы.

– Псевдогипопаратиреоз.

– Ауыр бүйрек жеткіліксіздігі.

– 18 жасқа дейінгі балалар.



Жағымсыз әсерлері

Жиі емес: гиперкальциемия, гиперкальциурия.

Сирек: қышыну, бөртпе, есекжем.



Жүктілік және лактация кезеңі

Жүктілік кезінде және емшек емізу кезеңінде D₃ дәрумені жеткілікті мөлшерде қабылдау қажет; бұл жағдайда әйелдер емдеуші дәрігердің ұсыныстарын ұстануы керек.



Дәріханалардан босатылу шарттары

Рецептісіз.

Қазақстан Республикасы аумағында тұтынушылардан дәрілік заттар сапасына қатысты шағымдар (ұсыныстар) қабылдайтын және дәрілік заттың тіркеуден кейінгі қауіпсіздігін қадағалауға жауапты ұйымның атауы, мекенжайы және байланыс деректері (телефон, факс, электронды пошта)



«Химфарм» АҚ

Қазақстан Республикасы,
Шымкент қ., Рашидов к-сі, 81
Телефон нөмірі +7 (7252) 610151
Автожауапбергіш нөмірі
+7 (7252) 561342

Электронды пошта
complaints@santo.kz;
phv@santo.kz; infomed@santo.kz

**ҚР-ДЗ-5N⁰024702, 24.08.2020 ж. – 24.08.2025 ж. және
ҚР-ДЗ-5N⁰024703, 24.08.2020 ж. – 24.08.2025 ж.**



Қолданар және тағайындар алдында нұсқаулықпен мұқият танысыңыз.

Өз бетімен емделу сіздің денсаулығыңызға зиян тигізуі мүмкін.

Бұл дәрілік затты қолданар алдында дәрігер кеңесіне жүгіну керек.